

РИМДІКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ХАТ

Еммаус кітабы

ТЕКСЕРУ ДӘПТЕРІ

Аты-жөніңіз (баспа әріптерімен)

Мекенжайыңыз бен пошта индексі (баспа әріптерімен)

Нұсқаушы _____ Баға _____

ТЕКСЕРУ ДӘПТЕРІН ҚАЛАЙ ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ

Жұмыс дәптерінің сұрақтарына жауап бермес бұрын тақырыпты жақсылап оқып шығуыңыз керек. Сұрақтарға жауап бергеннен кейін, жұмысыңызды бағалау үшін, оны көрсетілген мекенжай бойынша, бізге салып жіберіңіз. Дәптердің үстіңгі жағына толықтай аты-жөніңізді, мекенжайыңызды баспа әріптерімен анықтап жазуды есіңізден шығармаңыз.

Егер сіз топта дайындалған болсаңыз, жұмыс дәптерін өзіңіздің жетекшіңізге беруіңізге болады. Ол жұмысыңызды біздің мекенжайға салып жібереді немесе өзі тексереді.

Тексеру дәптерінде Киелі кітаптан қарап жауап беруді талап ететін сұрақтар болуы мүмкін. Өз пікіріңізді талқыға салмай, сұрақтарға нақты жауап беріңіз. Біреу: «Қолдан келер амал таусылғанда, нұсқауды оқыңыз!» деп дұрыс

айтқан. Киелі кітап адамдарға деген сүйіспеншілікті көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар ол біздің өмірлік жол серігіміз де.

Біздің шынайы сүйіспеншілікті, жан тыныштығын, бақыт пен өмір мағынасын таппаудағы себептеріміздің бәрі жол серігіміз — Құдай Сөзін оқымай, оны орындамағанымыздан емес пе?

СҰРАҚТАР: «Бұл туралы сіз не ойлайсыз?»

Мұндай сұрақтардың жауабына ресми түрде баға қойылмайды, дегенмен сіздің оған жауап бергеніңіз абзал. Сізге өз ойыңызды жазуыңызға болады. Берген жауаптарыңыз нұсқаушыға сізді жеке тұлға ретінде жақсырақ түсінуге әрі жұмысыңызды дұрыс бағалауға көмектеседі. Сонымен қатар, олар жалпы алғанда осы тақырыптардың тиімділігін бағалауға да көмектеседі.

ЖҰМЫСЫҢЫЗ ҚАЛАЙ БАҒАЛАНАДЫ

Біздің нұсқаушылар қателерді түзетіп, олардың дұрыс жауаптары Киелі кітаптың немесе берілген сабақтың қай жерінде екенін көрсетеді. Егер қажет болса нұсқаушы өз пікірін де қоса алады.

ЖАЛПЫ НҰСҚАУ

Берілген тақырыптардың материалдарын уақыт оздырмай тезірек оқығаныңыз жөн, ал егер топпен бірге оқығыңыз келсе, оқу басталысымен-ақ кірісіңіз. Оны жүйелі түрде, үзбей оқуға тырысыңыз. Көптеген оқушылар аптасына бір тақырыпты бітіруге ұмтылады. Біз сізге де солай істеуге табандылықпен кеңес береміз.

№1 Тексеру жұмысы

Беттің оң жағындағы сызықтың үстіне дұрыс жауапқа сай келетін әріпті жазып қойыңыз.

1. Неге бағытталып жазылғанын ескере отыра, төмендегі атаулардың қайсысы Рим. арнал. хаттың тақырыбы болуға лайықты екенін көрсетіңіз?

- а) мен, Пауыл;
 - ә) жалған тәңірлерге табынудан сақ болындар;
 - б) Пауылдың уағызы бойынша
Ізгі хабарды жариялау;
 - в) Мәсіхтің қызметкері;
 - г) дуниежүзілік аманат;
 - ғ) Иса қайтып келеді!
-

2. Рим. арн. хатта қай сұраққа жауап БЕРІЛМЕГЕН?

- а) Киелі Құдай күнәкарларды қалайша ақтайды?
 - ә) Құдай яһудилерге берген уәдесін бұзды ма?
 - а) Исаға сенуші қалай әділ өмір сүре алады?
 - в) Мәсіх сенушілер қауымына қандай рәсімдерді қалдырды?
-

3. Басқа ұлттық адамдарға Ізгі хабарды таратуға Пауылды жіберді:

- а) Антохиядағы бірінші басқа ұлттық сенушілер қауымының жетекшілері;
 - ә) Иерусалимнен келген елшілер;
 - б) Иеміз Мәсіх Исаның Өзі;
 - в) Шимон Петір.
-

4. Рим. арн. хаттың басында Пауыл римдік сенушілерді деп атайды:

- а) қасиеттілер;
 - ә) бауырлар;
 - б) қызметтестер;
 - в) Мәсіхпен бірге мұраға ие болушылар.
- _____

5. Пауыл римдіктерге өзінің мынау туралы мінажат ететінін жазған:

- а) көптеген адамдардың өз куәліктері арқылы құтқарылғаны;
 - ә) Неронның қуғындауынан құтылуы;
 - б) Құдайдың оның Римге баруына жол ашуы;
 - в) олардың ешқайсысының жалған іліммен айналыспауы.
- _____

6. Інжіл шарифте қолданылған «әділдік» сөзі мынаны білдіреді:

- а) Құдай әрдайым дұрыс, әділ және дәл іс-әрекет жасайды;
 - ә) Құдай бізден талап ететін мүлтіксіз жетілгендік деңгейін;
 - б) Құдай Мәсіхке сенім артқандардың бәріне сыйлайтын мүлтіксіз жетілгендік жағдайын;
 - в) жоғарыдағылардың бәрі;
 - г) тек алғашқы екі пайымдау;
 - ғ) жоғарыда айтылғандардың ешқайсысы, алайда біздің барлық ізгі ұмтылыстарымыздың, ізгі істеріміздің және ізгі ой-ниеттеріміздің нәтижесі.
- _____

7. Пауыл жариялаған Ізгі хабар арналды:

- а) барлық адамдарға;
 - ә) тек яһудилерге ғана;
 - б) тек басқа ұлттық адамдарға ғана;
 - в) яһудилерге, сондай-ақ ақыл-санасы жоғарғы дәрежедегі басқа ұлттық адамдарға да.
-

8. Төмендегі аяттардың қайсысында Пауыл Рим. арн. хаттың тақырыбын көрсеткен?

- а) 1,4, 5, 8;
 - ә) 1, 9, 14, 16;
 - б) 3, 12, 16, 17;
 - в) 4, 8, 10, 12.
-

9. Пауыл Изгі хабарды – Құдайдың құтқаратын құдіреті, сол құдірет көрінді дейді:

- а) Изгі хабарда суреттелгендей Иеміз Мәсіх Исаның өмірі мен тәлімінен;
 - ә) алғаш рет яһудилерге;
 - б) Исаның кереметтері арқылы көктен;
 - в) Елуінші күн мейрамында алғаш рет.
-

10 Изгі хабар мына қағида бойынша әсер етеді:

- а) басынан аяғына дейін сенім;
 - ә) алғашқыдан соңына дейін ізгі істер;
 - б) алғашқыда сенім, аяғында іс-әрекеттер;
 - в) бастапқыда іс-әрекеттер, ал адам құтқарылуға жеткілікті түрде әділ болғанда сенім.
-

БҰЛ ТУРАЛЫ СІЗ НЕ ОЙЛАЙСЫЗ?

Құдай Патшалығына бару үшін сіз өзіңізді жеткілікті түрде

әділмін деп есептейсіз бе? Жауабыңызды түсіндіріңіз.

№2 Тексеру жұмысы

Беттің оң жағындағы сызықтың үстіне дұрыс жауапқа сай келетін әріпті жазып қойыңыз.

1. «Басқа ұлттық адамдар өлді ме? » деген сұраққа Рим. арн. хат мынадай жауап береді:

- а) өлген жоқ, өйткені Құдай әділ және адамдарды оларды басқа ұлттық болғандары әрі жақсы еш нәрсені білмейтіні үшін мәңгілік азап шегуге үкім шығармайды;
- ә) өлген жоқ, өйткені басқа ұлттық адамдардың өз діні бар әрі олар Құдайға өз дәстүрлеріне сай табынады;
- б) өлді, өйткені олар Иеміз Мәсіх Исадан бас тартты;
- в) өлді, өйткені Құдайдың жаратқаны арқылы Құдай туралы куәліктерді жоққа шығарды.

2. Құдай адамдарды «ақтауға болмайды» дегенде мынаған меңзейді:

- а) бірде-бір адамды қалдырмай, барлығын да;
- ә) Ізгі хабарды ешқашан естімеген

- адамдардан басқалардың барлығын;
- б) айрықша артықшылық берілген яһудилерді ғана;
 - в) жалған тәңірлерге құлшылық еткен басқа ұлттық адамдарды ғана.
-

3. Кейде біз адамдар жайлы «Құдай тастап кеткендер» дейміз. Рим. арн. хатқа байланысты:

- а) Құдай басқа ұлттық адамдарды моральдық азғындалуға қалдырды;
 - ә) Құдай басқа ұлттық адамдарды азғын құмарлықтар мен үнемі көбейе түскен күнәларға қалдырды;
 - б) Құдай басқа ұлттық адамдарды теріс ақыл-ойда қалдырды;
 - в) Құдай басқа ұлттық адамдарды жоғарыда айтылғандардың барлығына қалдырды;
 - г) Құдай басқа ұлт адамдарын аталған күнәларға қалдырған жоқ, бірақ сенбеуші яһудилерге солай істеді;
 - ғ) Құдай адамдарды ешқандай тастаған жоқ.
-

4. Адамдардың жасанды тәңірсымақтарға құлшылық етуінің басты себебі мынау:

- а) жалған тәңірлер адал қызмет етеді және Құдайды шынайы түрде көрсетеді;
- ә) мұндай құлшылық адамды моральдық ұстамдылықтан босатады;
- б) Құдай оларды сиынғандарға көмектесу үшін қолдануға бұйырды;
- в) барлық діндер де жалған тәңірлерге табынудан бастап, құлшылық

етудің одан да жоғары және рухани түрлеріне жеткізетін жолды жүріп өтеді. _____

5. Рим. арн. хатқа сай:

- а) құтқарылу біздің өзіндік игілікті істерімізге тәуелді;
 - ә) Құдайдың соты біздің іс-әрекеттерімізді есепке алады;
 - б) Құдайдың соты тек басқа ұлттық адамдарға ғана арналған, яһудилер «Құдайдың таңдаулы халқы» болғандықтан, олардан босатылған;
 - в) басқа ұлт адамдары сенімдері арқылы құтқарылады, ал яһудилер игілікті істер арқылы.
- _____

6. Құдайдың Таурат заңы яһудилерге мынаның нәтижесі ретінде табысталды:

- а) олар кепілденген құтқарылуға ие болды, әсіресе егер бекітілген рәсімдерді ұстанған болса;
 - ә) олар Құдайдың алдында айрышқа құқықтарға ие еді;
 - б) олардың бойында діни менмендік, екіжүзділік, тәкаппарлық пайда болды;
 - в) олар Құдайдың Таурат заңын сақтауға және басқа ұлттық адамдарды Құдайға әкелуге ұмтылды.
- _____

7. Пауыл яһудилердің өзінің уағызына қарсылық білдіретінін алдын ала білді. Төмендегі пікірлердің арасында яһудилер қолданбаған біреуі бар, егер уағыз дұрыс болса, онда.

- а) сенің яһуди екендігіңде тұрған еш артықшылық жоқ;

- ә) Құдай өз уәдесінде тұрмайтын болып шығады. Бірақ Ол яһудилердің Өзіне деген сеніміне қарамастан, берген уәделерін орындауға тиісті. Егер яһудилердің қайсы біреуі өлсе, Құдай уәдесін бұзады;
- б) яһудилердің Құдайға адал болмауы, Құдайдың даңқын одан бетер баса көрсетеді. Өйткені сол арқылы Оның әділдігі көрінеді. Яһудилерді Құдайдың даңқын арттыруға қызмет еткені үшін соттау әділ болмас еді;
- в) яһуди болғаннан гөрі басқа ұлттық болған жақсы болар еді, өйткені оларда өз күнәларынан ақталатын сылтау бар. Олар: «Біз тірі Құдай жайлы ешқашан естіген жоқпыз, сондықтан да ешқашан танып-білмеген Біреуге адал болмағанымыз үшін жауап бере алмаймыз» деулері мүмкін. _____

8. Пауылдың уағыздауы бойынша, Ізгі хабарға сай, Иеміз Мәсіх Иса Құдайдың Соты ретінде:

- а) Өзінің төгілген қаны арқылы барлық күнәкарларға кешірім сыйлайды;
- ә) адамдардың игілікті және зұлым істерін сараптайды. Игі істерді көп жасағандарға құтқарылу сыйланады;
- б) адамдардың барлық құпияларын ашады;
- в) сенімдеріне адал болып, барынша жақсы іс-әрекеттер жасауға ұмтылғандардың күнәлары мен кемшіліктерін кешіреді. _____

9. Рим 3:9-23 аяттарда Құдайдың адамзатқа шығарған

үкімі қорытындыланады. Осы нәтижені төмендегі пайымдаулардың қайсысы дұрыс береді?

- а) Адамдардың барлығы да Құдайдың алдында күнә жасады;
- ә) Адам біржолата күйреді, сондықтан да оның барлық дене мүшелерін күнә билеп алған;
- б) Құдайдың адамдарға таққан айыбын бекіту үшін Көне Келісімнен он төрт аят келтірілген;
- в) жоғарыда айтылғандардың бәрі де дұрыс;
- г) жоғарыда айтылғандардың біріншісінен басқасының бәрі де дұрыс. _____

10. Рим. арн. хаттың 1-3 тарауларын оқып шығып, адам өзінің күнәкарлығын ұғынады. Ол өзінің Құдайдың сотының алдында тұратынын түсінеді және сол үшін қобалжиды. Төменде берілген ақыл-кеңестердің қайсысы осы жағдайға ең жақсы келеді?

- а) Өміріңнің осы бетін аударып тастап, оны қайтадан баста;
- ә) Бәрін де ұмыт! Барлығы да күнә жасайды;
- б) Он өсиетті орындауға тырыс;
- в) Қорықпа! Құдай адамды қатты сүйеді, сондықтан оны күнә үшін жазаламайды, өйткені адам күнә жасамай тұра алмайды;
- г) Хаттың осы бөлігі адамдардың бойында күнәкарлық және Құдайдың әділ сотынан қорқу сезімдерін тудыру үшін жазылған. Оқуды жалғастырыңыз, үміт алдыңызда. _____

БҰЛ ТУРАЛЫ СІЗ НЕ ОЙЛАЙСЫЗ?

Өзіңіздің күнәкар екендігіңіз және Құдайдың алдындағы жауапкершілігіңіз туралы осы тарауда сізге не ашылды?

№3 Тексеру жұмысы

Беттің оң жағындағы сызықтың үстіне дұрыс жауапқа сай келетін әріпті жазып қойыңыз.

1. Көне Келісімнің ақталу жайлы іліміне сай:

- а) Құдай адамды Иеміз Мәсіх Исаға сенімін артқанда ақталған деп есептейді;
- ә) Адам Иеміз Мәсіх Исаға сенімін артқаннан кейін кінәратсыз әрі әділ болады;
- б) Мәсіх біздің күнәларымыздың төлемін төледі, сондықтан да сенуші болғаннан кейін адамға қанша күнә жасаса да болады;
- в) жоғарыдағылардың бәрі де дұрыс. _____

2. Өзін Құдайға бағыштап қасиетті болу – бұл үрдіс, Құдай:

- а) алдымен адамды Өзіне бағыштайды, содан кейін оны қасиетті деп жариялайды;
- ә) адамды қасиетті деп атап, оның өмірін өзгерте бастайды;
- б) адамды қасиетті деңгейге көтеретіні

- соншама, ол тірі кезінде-ақ мүлтіксіздікке
қол жеткізіп, күнә жасауын доғарады;
- в) адамды әділ деп есептейді. _____

3. Төмендегі адамдардың қайсысы Құдай алдында әділ?

Олар:

- а) Құдайдың заңын мінез-құлық
ережелерінің жиынтығы ретінде
сақтауға тырысады;
- ә) өзге адамдарды жақсы көруге әрі заңға
бағынатын азаматтар болуға тырысады;
- б) Құдайға сиынады, Киелі кітапты
оқиды, сенушілер қауымының
жиналыстарына барады, Құдайға
қызмет етуге және діни өмірдің
басқа да формаларына қатысады;
- в) Күнәдан Құтқарушы ретінде Иеміз
Мәсіх Исаға сенеді. _____

4. «Құдайдың рақымымен тегін ақталамыз» деген
пайымдауды:

- а) контекстін, оның қай жерден
алынғанын қарастырған жөн,
өйткені онда құтқарылудың қосымша
шарттары туралы айтылады;
- ә) (шығыс мәдениетінің ерекшелігін
ескере отыра), құтқарылудың
әдейі асыра айтылған негізі деп
түсінген жөн;
- б) сөзбе-сөз түсіну қажет, өйткені
құтқарылу шынымен де
лайықты болғаны үшін емес,
тегін беріледі;
- в) ескертумен қабылдаған жөн,
өйткені түпнұсқа мәтінде «тегін»

деген сөз жоқ.

5. Көне Келісімнің заңындағы киелілік пен әділдікке деген талап(ты):

- а) Инжіл шариф елемейді;
 - ә) Құдайдың рақымы жайлы Ізгі хабарды шектейтін фактор болып табылады, өйткені құтқарылу тек сеніммен ғана емес, іс-әрекеттермен де анықталады;
 - б) Иеміз Мәсіх Иса Ғолғотада біздің күнәларымыз үшін өлгенде толықтай орындалды;
 - в) Ізгі хабармен еш байланысы жоқ, өйткені Таурат заңы тек яһудилерге ғана берілді.
-

6. Құдайдың қаһары басылды. Ізгі хабарға сай, бұл мынаны білдіреді:

- а) Құдайдың күнәға қарсы қаһары басылды;
 - ә) Өзінің рухани Ұлының өлімі арқылы Құдай мен адамдар арасында татулық орнады;
 - б) Құдайдың әділ талаптары Ғолғотада қанағаттандырылды;
 - в) бұдан былай Құдай шынымен де әділ өмір сүргісі келетін күнәкарларды кешіреді.
-

7. Төмендегі пайымдаулардың қайсысы дұрыс?

- а) Көне Келісім заманында Құдай адамдарды олардың іс-әрекеттеріне сай құтқарды. Ал Жаңа Келісімде құтқарылу тек Мәсіхке деген

- сенім арқылы анықталады;
- ә) Көне Келісімде де, Жаңа Келісімде де Иеміз Мәсіх Исаға сену құтқарылудың негізі болып табылады. Көне Келісім заманындағы сенушілер алға қарай, Иеміз Мәсіх Исаның Ғолғотадағы құрбандығына қарай сеніммен ұмтылды, ал біздің сеніміміз бізді өткен кезеңге жетелейді;
- б) Көне Келісім заманындағы яһудилер үшін Мәсіх әлі де келмегендіктен, құтқарылу болған жоқ, ал заңды бұзу оларды сотқа әкелді;
- в) Көне Келісім заманында күнәнің құнын төлеу үшін құрбандыққа мал шалу жеткілікті еді, сондықтан яһудилерден басқа ештеңе талап етілмеді.
-

8. Төмендегі пайымдаулардың қайсысы құтқарылғандардың өздері үшін мақтана алмайтындарын түсіндіреді?

- а) Олар Құдайға өздерінің ештеңелерімен мақтана алмайтын, өлген, тозаққа лайықты күнәкарлар екенін ұғынып келеді;
- ә) Олар Құдайдың адамдардан Өзінің сүйіспеншілігі, мейірімі мен рақымына бола теріс қарамағанын түсінеді;
- б) Олар Құдайға деген сенімдері арқылы құтқарылды, өйткені оған әркім қол жеткізе алады, сол үшін айрықша еңбек сіңірудің қажеті жоқ;

в) Жоғарыда айтылғандардың бәрі де дұрыс.

9. Егер адам заң арқылы ақталатын болса:

- а) адамдардың басым көпшілігі құтқарыла алар еді, өйткені сенім арқылы құтқарылуға қарағанда іс-әрекеттер арқылы құтқарылу әлдеқайда жеңіл;
 - ә) Құдай заңын яһудилер ғана бергендіктен, тек солар ғана құтқарылуға ие болар еді;
 - б) басқа ұлттық адамдар да, яһудилер де құтқарылу үшін бірдей жағдайға қойылды, қазіргі жағдайда бұл жоқ;
 - в) Көне және Жаңа Келісімдер арасында қарама-қайшылық болған жоқ;
 - г) Құтқарылу әлдеқайда жеңілірек болар еді, өйткені әділ сенгеннен гөрі, өзінді әділ ұстау оңайырақ.
-

10. Сенім арқылы ақталу:

- а) Заңды құндылығынан айырады;
 - ә) заңды жояды;
 - б) заңның талабын Мәсіх арқылы орындап, оны бекітеді;
 - в) заңға сенімнің талабын қосады, сондықтан құтқарылу сеніммен де, іс-әрекеттермен де анықталады.
-

БҰЛ ТУРАЛЫ СІЗ НЕ ОЙЛАЙСЫЗ?

Сіз Құдай алдында ақталғансыз ба? Жауабыңызды түсіндірсеңіз екен.

№4 Тексеру жұмысы

Беттің оң жағындағы сызықтың үстіне дұрыс жауапқа сай келетін әріпті жазып қойыңыз.

1. Ізгі хабардың Көне Келісімге қарама-қайшы келмейтінін көрсету үшін Пауыл екі адамның басынан өткізгендерін мысалға келтіреді. Сол мысалдар мынаған байланысты:

- а) Таурат заңы берілгеннен көп уақыт бұрын өмір сүрген Дәуітке және сол заң орныққаннан кейін өмір сүрген Ыбырайымға;
- ә) Таурат заңы орныққанға дейін көп уақыт бұрын өмір сүрген Ыбырайым мен заң берілгеннен жүздеген жыл кейін өмір сүрген Дәуіт патшаға;
- б) Құдай Таурат заңын бергенге дейін өмір сүрген Ыбырайым мен Дәуітке;
- в) Таурат заңы орныққаннан кейін өмір сүрген Ыбырайым мен Дәуітке.

2. Ыбырайым Құдай алдында ақталуға қалай ие болды?

- а) Өзінің істегендерімен мақтануына мүмкіндік берген игі істері арқылы;
 - ә) Істерімен, алайда оның мақтануға негізі болған жоқ, өйткені Құдайдың мұндай істерді адамдардан талап етуге құқығы бар;
 - б) Сенім арқылы, өйткені «сенімінің арқасында ақталды» деп жазылған;
 - в) Сенім арқылы, өйткені сенуші адам ғана Құдай алдында мақтана алады.
-

3. Төменде аталған адамдардың қайсысын Құдай ақтайды?

- а) Киелі орындарға қажылыққа барып, сонда Құдайға сиынып, сол жерлерді жақсы сақтау үшін құрбандық садақа беретіндерді;
 - ә) Өзінің діни ұйымында жақсы болып көріну үшін өз сенімінің ережелерін барлық жерде белсене уағыздағандарды;
 - б) Әлеуметтік жұмыстың үлкен пайдасын көріп, өзін жақын адамдарына қызмет етуге бағыштағандарды;
 - в) Жай ғана Құдайға, Оның сөзіне сенетін әрі Құдайдың рақымымен берілген құтқарылуды сеніммен қабылдайтындарды.
-

4. Барсабиямен неке адалдығын бұзып, Дәуіт оған үйлену үшін оның күйеуінің көзін құртудың жоспарын құрды. Сол істері әшкереленгенде, ол істегеніне өкініп, Құдайдан кешірім сұрап, Құдай оны кешірді (Пат 2 11, 12; Жыр 31:1-2). Кешірім мынаның арқасында алынды:

- а) тек қана Құдайдың рақымының;
- ә) Дәуіт Жаратқан Иенің ашуын басу үшін

- ұсынған көптеген құрбандықтың;
- б) Дәуіттің Барсабиямен ажырасып, күнәсін жуып-шаю үшін мүмкін нәрсенің бәрін істеуге дайын болғандығы;
 - в) Дәуіттің үстіне азалы киім киіп, басына күл шашып, Исраилдің киелі жерлеріне қажылыққа барғаны.
-

5. Ыбырайымның басынан өткендері Дәуіттікінен көп ерекшеленеді. Бұл айырмашылықты төмендегі мына сөздермен жеткізуге болады:

- а) Өзін әділ деп мойындату үшін Дәуіт емес Ыбырайымнан құрбандық ұсыну талап етілді;
 - ә) Ыбырайымның әке-шешесі Жаратқан Иеге табынды, ал Дәуіттің ата-анасы бөгде тәңірлерге табынатын басқа ұлт адамдары еді;
 - б) Ыбырайымның мысалындағы болымды жағы – ол сенімі арқылы әділ деп баса көрсетілген, ал Дәуіттің мысалында ол болымсыз түрде айтылған, ол сеніміне бола кінәлі деп есептелген жоқ;
 - в) Ыбырайым сенімге келгенге дейін игі істер істесе, ал Дәуіт керісінше сенімге келгеннен кейін игі істер істеді.
-

6. 4-тарауда Пауыл рәсімдердің құтқарушылық рөлі жайлы пікірдің негізсіз екендігін былай дәлелдейді:

- а) яһудилер балаларын сүндеттеп қателік жасады деп;
- ә) Ыбырайымның сүндеттелместен көп бұрын ақталғанын көрсетіп;

- б) сүндеттеуді шомылдыру рәсімі ауыстырғандықтан, оны қажетсіз деп жариялауымен;
 - в) сүндеттелудің яһудилер үшін де, басқа ұлттық адамдар үшін де ешқандай мәнісінің жоқ екенін өз мысалымен көрсетіп.
-

7. Ыбырайымның әділдігі:

- а) ешқандай шартсыз алынды;
 - ә) сүндеттеу рәсіміне байланысты болды;
 - б) сенімді қабылдағаннан кейін оның Таурат заңын сақтауына байланысты болды;
 - в) біздің жағдайымыздан өзгеше негізде берілді.
-

8. Таурат заңының мәнісі неде?

- а) Оны сақтайтындарды құтқаруда;
 - ә) Құтқарылғандар өздерін Құдайға бағыштап қасиетті бола алулары үшін;
 - б) Адамның күнәкар болмысын әшкерелеп, жазалау үшін;
 - в) Адамның құтқарылғанына сенімді болуы үшін.
-

9. Ыбырайым болуы мүмкін емес болып көрінген нәрсеге сенді: Сара екеуі жастарына сай балалы бола алмайтынына қарамастан Құдайдың керемет жасай алатынына сенді. Бізге де солай сену қажет. Біздің сеніміміздің негізі орындалуы мүмкін емес болып көрінген, Пауыл суреттеген төмендегі оқиға болып табылады. Рим. арн. хаттың 4 тарауында сол оқиға мынау:

- а) Киелі жазбаның Құдайдың жетелеуімен жазылғандығы;

- ә) бес мың адамды тамаққа тойғызу және Мәсіхтің су бетімен жүруі;
 - б) Мәсіхтің өлімнен қайта тірілуі;
 - в) Елуінші күн мейрамында Құдайдың Киелі Рухының көктен жерге түсуі.
-

10. Рим 4:4-5 аяттарды жаттап алыңыз. Енді сол аяттарды осы жерге есіңізге сақтағаныңыз бойынша жазып қойыңыз.

БҰЛ ТУРАЛЫ СІЗ НЕ ОЙЛАЙСЫЗ?

Бұл тарау сізге қалайша көмектесті?

№5 Тексеру жұмысы

Беттің оң жағындағы сызықтың үстіне дұрыс жауапқа сай келетін әріпті жазып қойыңыз.

1. Ізгі хабардың жарылқаулары сенушіге мынадай жағдайда беріледі:

- а) тек қана Мәсіх арқылы;
- ә) тек қана ораза ұстаудың, Құдайға сиынып дұға етудің нәтижесі ретінде;

- б) сенуші тек Құдайдың рақымының екінші әсерін басынан өткізіп, түрлі тілдерде сөйлегеннен кейін ғана;
 - в) ол тек кінәратсыз өмір сүрген жағдайда ғана.
-

2. Пауыл Рим. арн. хаттың 5 тарауында еске салып өткен ақталудың алғашқы өнімі мынау:

- а) бауырларға деген сүйіспеншілік;
 - ә) Құдаймен арадағы татулық;
 - б) сөзбен жеткізуге болмайтын шаттық пен салтанаттылық;
 - в) күнәға деген кез келген азғырудан азаттық.
-

3. Сенуші Мәсіх Иса арқылы:

- а) күнәдан азат және күнә жасауға ерікті;
 - ә) материалдық жағдайының жақсы болатынына кепілдік алады;
 - б) «Құдайдың егіндігінде» жұмыс істеуге ұмтылады;
 - в) Құдайдың сүйіспеншілігінің рақатын көреді.
-

4. Төмендегі пікірлердің қайсысы дұрыс?

- а) Иеміз Исаға сенуші адам қасірет пен сынақсыз өмір сүреді;
- ә) егер сенушіге сынақтан өтуге тура келсе, бұл Құдайдың сол арқылы Иеміз Мәсіх Исаның рақымын көрсетіксі келетінін білдіреді;
- б) Иеміз Мәсіх Исаға сенетіндер біздің дүниені күтіп тұрған ауыр қасіретті шегетін болады, өйткені бұл Исаны қабылдағаны үшін төленетін

төлемнің бір бөлігі болып табылады;
в) Киелі кітаптағы барлық қайғы-қасірет
Исраилге бағышталған, ал барлық
жарылқаулар – Исаға сенім артқандарға
арналған. _____

5. Егер сіз сенуші болсаңыз, көктегі жұмаққа
баратыныңызға еш шүбә келтірмеңіз, өйткені:

- а) сіз әлі де күнәкар болған кезіңізде
Мәсіх сіз үшін өлді;
- ә) сіз Құдаймен татуластыңыз;
- б) Мәсіх сіз үшін өліп қана қойған жоқ,
Ол сізді сақтау үшін өмір сүруде;
- в) жоғарыда айтылғандардың бәрі де. _____

6. Рим. арн. хаттың 5 тарауында Адам ата мен Мәсіх Исаны
салыстыру арқылы Пауыл өз пікірлерінің қорытындысын
келтіреді. Сонда ол мынаны баса көрсетеді:

- а) ақтау және Құдайға бағышталып
қасиетті адам болу;
- ә) қарғыс пен ақталу;
- б) Құдайдың заңы мен рақымы;
- в) сенім мен іс-әрекеттер. _____

7. Неліктен балалар кейде ақыл-есі толысқан шаққа
жетпестен өліп кетеді? Рим. арн. хаттың 5 тарауында осы
сұраққа айқын жауап берілген. Төмендегі пікірлердің
қайсысы Киелі кітаптың түсіндірмесіне сай келеді?

- а) Ең жақсы деген балалар да
бақытсыздыққа ұшырайды;
- ә) ең күштілердің тірі қалатыны
жайлы заңның күші ересек адамдармен
қатар, балаларға да бірдей әсер етеді;
- б) күнә жасап үлгірмей жатып,
жұмаққа бара алатындар – балалар;

в) олар бүкіл адамзаттың өкілі – Адам ата арқылы күнә жасады.

8. Иеміз Мәсіх Исаға сенуші төмендегі жарылқаулардың қайсысын басынан кешеді? Ал ол Адам атаның жұмақта тұрып, өзі және келер ұрпақтары үшін қол жеткіземін деп есептегенінен де асып кетеді. (Жауап үшін Жаратылыстың басталуы 1-3 тарауларды қолдануға болады)

- а) Сенуші Құдайдың рухани баласы және мұрагері болып табылады, ал Адам ата, жай ғана қарапайым адам;
 - ә) Сенушінің үйі – көкте, ал жердегі жұмақ – Адам атаның мекені болды;
 - б) Сенуші Мәсіхтің қасында және Мәсіх пен тығыз байланыста мәңгі өмір сүреді, ал Құдай Адам атаға небәрі бірнеше рет қана келді;
 - в) Сенуші Адам атамен салыстырғанда жоғарыда аталған артықшылықтардың бәріне де ие.
-

9. Төмендегі келтірілгендердің маңыздылығы не?

- а) адамның күнәсі;
 - ә) Құдай берген Таурат заңы;
 - б) Құдайдың рақымы;
 - в) адамның мұқтаждығы.
-

10. Құдай бүкіл адамзатқа Адам ата мен Иса арқылы қарайды. Туылған кезде адамдардың бәрі бірдей Адам атаның отбасының мүшелері болады. Мәсіх Исаға деген сенім арқылы біз Құдайдың рухани отбасына енеміз (Жох 1:11-13, 3:1-16). Адам ұрпақтарына өзінің күнәға батуының нәтижесін берді. Мәсіх Құдайдың отбасына енгендердің барлығына Өзінің өмірі мен өлімінің жемістерін берді. Төменде айтылған пікірлердің әрбір

жұбының қасындағы сызықтың үстіне Рим 5:15-21 үзіндіден соларды растайтын аяттарды жазу қажет. Бір аяттың өзі бірнеше пікірге сай келуі мүмкін. Әрбір пікірге бір аят жатады.

АДАМ АТАНЫҢ ОТБАСЫ

- а) Құдай бір адамның мойынсұнбағанын көреді _____
- ә) Құдай бір адамның теріс қылығын көреді _____
- б) Көптеген адамдар күнәкарларға айналды _____
- в) Барлық адамдар қарғысқа ұшырады. _____
- г) Өлім билігін жүргізеді. _____

ҚҰДАЙДЫҢ ОТБАСЫ

- а) Құдай бір адамның мойынсұнғанын көреді _____
- ә) Құдай бір адамның әділ әрекетін көреді _____
- б) Көптеген адамдар ақталды _____
- в) Ақталу барлығына да жарияланды _____
- г) Сенушілер мәңгілік өмірде билік жүргізеді. _____

БҰЛ ТУРАЛЫ СІЗ НЕ ОЙЛАЙСЫЗ?

Рим. арн. хаттың 5 тарауындағы Пауылдың ілімін эволюция туралы іліммен сәйкестендіруге бола ма, әлде жоқ па? Неліктен?

№6 Тексеру жұмысы

Беттің оң жағындағы сызықтың үстіне дұрыс жауапқа сай келетін әріпті жазып қойыңыз.

1. Құдай Иеміз Мәсіх Исаға сенуші туралы былай деді:

- а) күнә жасап өлген;
 - ә) өлген адамдай күнәға жоқ;
 - б) күнәсіне бола өлген;
 - в) көп жағдайларда күнә жасауға әлі де («тірі») бейім.
- _____

2. Рим арн. хаттың 6 тарауына сай сенушінің «ескі күнәкар болмысы»:

- а) жойылған;
 - ә) Мәсіхпен бірге өлген;
 - б) Құдай тазартқан, сондықтан енді ол Құдайға ұнамды киелі өмір сүре алады;
 - в) табиғи түрде өліп, құру үшін Құдай оны тастап кетті.
- _____

3. 6 таруда Пауыл сенушінің ескі болмысымен не болғанын көрсету үшін төмендегі образды қолданған:

- а) некені;
 - ә) туылуды;
 - б) суға шомылдыру рәсімін;
 - в) жұмыстан біржола шығу.
- _____

4. Жеңісті өмірге апаратын нақты қадамдар 6 тарауда мына сөздермен берілген:

- а) сүйіспеншілік, қуаныш және жан тыныштығы;
 - ә) сенім, үміт және сүйіспеншілік;
 - б) білу, ұғыну және бағышталу;
 - в) деректер, сенім және сезімдер.
- _____

5. Мәсіхтің қайта тірілуі жайлы Пауыл 6 тарауда мынаны баса көрсетеді:

- а) тарихи оқиғаны;
- ә) сенушілердің соған осында және қазір рухани қатысы;
- б) арнайы белгіленген күнгі біздің тәндік қайта тірілуімізге берілген кепілдік;
- в) Пауылдың Құдайға келуінде Мәсіхтің қайта тірілуінің рөлі. _____

6. Сенушінің өз денесіне көз қарасы қандай болуға тиіс? Ол мынаны істеуге тиіс:

- а) күнәдан жалығып, әлсіреу үшін ол тәнінің қажеттіліктері мен құштарлықтарын толықтай қанағаттандыруға;
- ә) Иеміз Иса өзінің бойында өмір сүруі үшін денесін Құдайға бағыштауға;
- б) бұл жай ғана адам ойының қиялы болғандықтан, оның заттық нәрсе ретінде бар екенін жоққа шығаруға;
- в) оның зұлымдық әкелетінін мойындап, ұзақ ораза ұстап өлтіруге. _____

7. Күнә бұдан әрі сенушіге билігін жүргізбейді, өйткені:

- а) сенушінің бойында Құдайдың Киелі Рухы өмір сүреді;
- ә) сенуші Таурат заңына емес, Құдайдың рақымына бағынады;
- б) сенуші Құдайға бағышталған таза, қасиетті және әділ өмір сүреді;
- в) сенуші азғыру үшін өлген. _____

8. Әділ өмір сүрсем деген сенушінің тілегінің негізіне не

жатады?

- а) тәртіп – «маған солай істеу керек»;
 - ә) міндет – «мен солай істеуге тиіспін»;
 - б) ұмтылыс – «мен солай істегім келеді»;
 - в) шешім – «мен солай істеуге тырысамын».
-

9. Шынайы сенуші күнәкар өмірден бас тартады, өйткені:

- а) оның жаңа болмысы күнәні жек көреді;
 - ә) Құдайдың Киелі Рухы оны жігерлендіріп, киелі өмір сүруіне көмектеседі;
 - б) Ғолғотада болған оқиға туралы ой-толғау оны күнә жасаудан сақтайды;
 - в) ол Құдайға келместен бұрынғы өмірі үшін ұялады;
 - г) жоғарыда айтылғандардың бәрі де дұрыс.
-

10. Сенуші мынандай болуға тиіс:

- а) жағдайдың құлы;
 - ә) Иеміз Мәсіх Исаның құлы;
 - б) игі істердің құлы;
 - в) кез келген құлдықтан азат.
-

БҰЛ ТУРАЛЫ СІЗ НЕ ОЙЛАЙСЫЗ?

6 тарауда баяндалған ілім сіздің өміріңізден қалайша көрініс табады?

№7 Тексеру жұмысы

Беттің оң жағындағы сызықтың үстіне дұрыс жауапқа сай келетін әріпті жазып қойыңыз.

1. Сенушінің Таурат заңына қатысын төмендегі қай пікір ең жақсы көрсетеді? Сенуші мынаны істеуге тиісті:

- а) құтқарылу үшін Таурат заңын сақтауға;
- ә) құтқарылуға Таурат заңының қатысынсыз қол жеткізді, алайда құтқарылуынан айырылып қалмау үшін Таурат заңын орындауға;
- б) құтқарылуға Таурат заңының қатысынсыз, өзінің күшісіз-ақ қол жеткізді және қасиеттілікке де олардың қатысынсыз қол жеткізеді;
- в) Таурат заңына емес, Құдайдың рақымына бағынады – бұл сенушінің Таурат заңының талаптарын орындау міндетінен азат екенін білдіреді. _____

2. Сенушінің Таурат заңына қатысын бейнелеу үшін Пауыл қандай образды қолданады?

- а) Неке және ажырасу;
- ә) Неке және өлім;
- б) Ажырасу және қайтадан некеге тұру;
- в) Өлім және жерлену. _____

3. Таурат заңының талаптары:

- а) Мәсіх Исаның өлімімен орындалды;
- ә) күші жоқ, өйткені Таурат заңы Исраилге берілді, ендеше оның Исаға сенушілерге ешқандай қатынасы жоқ;
- б) сенушінің өзі орындауға тиіс, өйткені Құдайдың заңының күші жойылған жоқ;

в) өзінің мәнісін жоғалтты, өйткені әрбір сенуші әділ өмір сүреді.

4. Сенушінің Мәсіхпен тығыз байланысқа кіруі:

- а) мистикалық бірлік. Оның құндылығы мәңгілігінде, алайда күнделікті өмірге қолданыста жоқ;
 - ә) Мәсіхке Өзінің өмірін сенушімен бөлісуге мүмкіндік береді. Сонда сенушінің өмірі Мәсіхтің жер бетіндегі өміріне ұқсайтын болады;
 - б) сенушінің әділ өмірімен толықтай айқындалады, өйткені күнә Мәсіхпен біртұтастықты ажыратады;
 - в) заңды акт. Ол құтқарылу жайлы бастапқы келісімнің бір бөлігі, сондықтан сенушінің Құдайдың заңын сақтаудағы күшінен қолдау таба алады.
-

5. Таурат заңы мынаны туындатады:

- а) адам жүрегінде болымсыз жауапты, өйткені заңмен тыйым салынған нәрсе адамды одан бетер өзіне тартады;
 - ә) өмірдегі шынайы қасиеттілікті, «өйткені Таурат заңының қасиетті, әділ және игі» екендігі белгілі;
 - б) әрбір сенушінің өмірінде Құдайға арналған рухани жемістерді;
 - в) құлдықтан азаттықты, өйткені сенушіде Құдайға қандай өмір ұнамды екендігіне ешқандай күмән қалдырмайды.
-

6. Рим 7:7-24 аяттарда Пауыл негізінен мынау туралы

жазады:

- а) Құдайдың Киелі Рухы;
 - ә) Иеміз Мәсіх Иса;
 - б) Өзі;
 - в) Исаға сенетін басқа сенушілер.
-

7. Пауыл он өсиеттің қайсысының бұзылғаны жайлы жазған (Мыс 20:1-17)?

- а) екінші өсиеттің;
 - ә) бесінші өсиеттің;
 - б) алтыншы өсиеттің;
 - в) оныншы өсиеттің.
-

8. Қай пікір әділ?

- а) Сенушілер ақыл-саналарымен Құдайдың Таурат заңын қолдайды, бірақ оны тәндерімен бұзады;
 - ә) Сенуші ақыл-санасымен Құдайдың Таурат заңына қарсы шығады, өйткені заңның талаптары орындалмайды;
 - б) Сенуші бұл мәселені шешуге ақыл-сананы қолданады, Құдайдың заңын ақыл-санасымен қолдай отыра, оның бойында заңның талаптарын орындауға күш пайда болады;
 - в) жоғарыда айтылғандардың бәрі де дұрыс емес.
-

9. Пауыл өзі қалаған бостандықты мынадан көрді:

- а) өз бойынан;
 - ә) Таурат заңының өзінен;
 - б) қауымдағы рәсімдерден;
 - в) Иеміз Мәсіх Исадан;
 - г) ораза ұстау мен Құдайға сиынатын дұға етуден.
-

10. Рухани қайта туылған сенуші өзінің жаман мінез-құлқына шағымданады. Ол кез келген ұсақ-түйек үшін ашуланып қалады. Киелі кітап бұл жағдайда қандай ақыл-кеңес береді?

а) жаман мінез-құлық – жаман әдет.

Адам қатты тырысса онысынан арыла алады. Мәселе сіздің өзіңізді басқара алмай қалайтыныңыздың өзіңізге ұнайтынында. Жаман көңіл-күйіңіздің сыртқа шығуына ешқашан жол бермеуге шешім қабылдаңыз, содан кейін жай ғана сол шешіміңізді орындаңыз. Барлығы өз күш-жігеріңізге байланысты;

ә) Жаман мінез-құлық – шынымен де бақытсыздық, алайда одан да жаман көптеген іс-әрекеттер баршылық. Мысалы, неке адалдығын бұзу, кісі өлтіру. Ұстамсыздық – мінез-құлықтың әлсіздігі ғана. Біздің бәріміздің де кемшіліктеріміз бар. Сіздің де бойыңызда олар баршылық;

б) Ұстамсыздық – ауыр күнә. Ол сеніммен және әділ өмірмен сиыспайды. Сіз өз күшіңізбен одан арыла алмайсыз. Сенуші болғандықтан мұндай мінез-құлық үшін өлі, жоқ екеніңізді мойындауыңыз қажет. Иеміз Мәсіх Исаның сіз арқылы Өзінің рақымды да мейірімді мінезін көрсетуіне жол беріңіз;

в) Мұса ашуына бола уәделі елге кірген жоқ (Заң 20:7-13). Мұндай мінез-құлықтың салдарлары туралы ойланыңыз. Егер Мұса қатаң

жазаланған болса, онда Құдай біздің Кемшіліктерімізге мейірбандылықпен қарайды деп ойлауға негіз жоқ. Өз өңіл-күйіңізді басқаруды үйренбейінше, сіз Құдай Патшалығына кіре алмайсыз.

БҰЛ ТУРАЛЫ СІЗ НЕ ОЙЛАЙСЫЗ?

«Тек сенім мен мойынсұну арқылы ғана Мәсіхпен байланысымызда бақытты бола аламыз». Бұл сөздер дұрыс па? Егер солай болса, оның сіздің өміріңізде іске асуы қандай?

№8 Тексеру жұмысы

Беттің оң жағындағы сызықтың үстіне дұрыс жауапқа сай келетін әріпті жазып қойыңыз.

1. Сенуші күнәнің билігінен былайша азат етіледі:

- а) оның бойындағы Киелі Рух арқылы;
 - ә) өз өмірін қайтадан бастағанда;
 - б) Құдайдың барлық қаруын тағынып;
 - в) өзін осы күнәкар дүниеден бөлек ажыратып.
-

2. Рим 8 тарау мынадан басталады:

- а) ақталу жоқ деп басталып, сотталу жоқ деп аяқталады;
 - ә) үкімдеу жоқ деп басталып, бөлектеп ажырату жоқ деп аяқталады;
 - б) бөлектеп ажырату жоқ деп басталып, құтқарылу жоқ деп аяқталады;
 - в) құтқарылу жоқ деп басталып, үміт жоқ деп аяқталады.
-

3. Күнә мен өлімнің заңы күйреді:

- а) киелі, әділ және игі Құдайдың заңы арқылы;
 - ә) Құдайдың заңының жағындағы сананың заңы арқылы;
 - б) Мәсіх Исамен тығыз байланыстағы өмірдің рухы арқылы;
 - в) Құдайдың сенушінің өміріне талап қою құқығы бар заң арқылы.
-

4. Тәндік ойдың Таурат заңы мен Құдайдың ойына қатысты қастығы Киелі кітапта суреттелген көптеген жайттардан көрінеді. Берілген үзінділерді Киелі кітаптан тауып алып, олардың қайсыларының осы қастықты бейнелейтінін көрсетіңіз:

- а) Есауға Жаратқан Иенің алдында батасын бермек болған Ысқақ (25:23, 27:1-4);
 - ә) Мысырлықты ұрып өлтірген Мұса (Мыс 2:11-15);
 - б) Келісім сандығын Иерусалимге апару үшін жаңа арба жасатқан Дәуіт (Пат2 6:1-10; Ру 4:1-20);
 - в) Келтірілген мысалдардың бәрінен де көрінеді.
-

5. Сенуші тәндік іс-әрекеттерге айрықша қарауға тиіс. Ол мынаны істеуі қажет:

- а) оларды қалыптастыруы;
 - ә) оларды көбейтуі;
 - б) оларды құртуы;
 - в) оларды ұлғайтуы.
-

6. Сенушілердің жарылқауларының біреуі ретінде сегізінші тарауда қандай пікір айтылмаған? Сенуші(ні):

- а) Киелі Рух жетелей алады;
 - ә) Құдайды Әкем деп атай алады;
 - б) Иеміз Мәсіх Исамен бірге мұралас;
 - в) азап шегуден босатылады.
-

7. Төменде айтылғандардың қайсысы сенушінің өмірінде орындалған ЖОҚ?

- а) рухы құн төленіп азат етілген жоқ;
 - ә) жаны құн төленіп азат етілген жоқ;
 - б) тәні құн төленіп азат етілген жоқ;
 - в) аталған үшеуі де құн төленіп азат етілген жоқ;
 - г) бәрі де орындалды.
-

8. Жаратылыстың бәрі де мына күнді күтуде:

- а) Құдай Өзінің рухани балаларын ұлылыққа кенелткен күнді;
 - ә) адам өзінің бүгінгі күнгі жетілмеген жағдайынан табиғаттың барлық күштерін бақылайтын жағдайға жеткен күнді;
 - б) заманның ақыры келіп, оның барлық азаптарын жоятын күнді;
 - в) адамның жерді басқаруының бәрі одан алынып, періштелердің қолына берілетін күнді.
-

9. Құдайға сиынып мінажат еткенде мынаны істеу қажет:

- а) не туралы және қалай мінажат етуді білу үшін әрдайым дұғалар кітабын қарауға;
 - ә) Құдайдың еркіне сай қалай дұға етуді білмейтін, сондай әлсіз болғандықтан Құдайдың Киелі Рухының бізге көмектесуіне жол беруге;
 - б) ақыл-санамыздың толықтай азат болуы үшін барлық дәстүрлі нәрселерді тастап, содан кейін Құдайдың алдында ыңқылдап, қайғыру;
 - в) көне тілді қолдану, өйткені қазіргі заманғы тілден гөрі сол тілді қолданған жақсырақ.
-

10. Рим 8:28-39 аяттарда хаттың басты тақырыбы көрсетілген:

- а) Мәсіхтің екінші рет жер бетіне келуі;
 - ә) Киелі кітаптың Құдайдың жетелеуімен жазылғаны;
 - б) Құдайдың болмысы;
 - в) сенушінің мәңгілік қауіпсіздігі.
-

БҰЛ ТУРАЛЫ СІЗ НЕ ОЙЛАЙСЫЗ?

Римдіктерге арналған хаттың 8-тарауы Киелі кітаптың ең ғаламат тарауларының бірі. Оның тақырыптарының қайсысы сіз үшін игілікті болды?

№9 Тексеру жұмысы

Беттің оң жағындағы сызықтың үстіне дұрыс жауапқа сай келетін әріпті жазып қойыңыз.

1. Пауыл өзінің хатының үш бірдей тарауын яһудилер жайлы мәселені талқылауға арнаған. Өйткені:

- а) яһудилер Ізгі хабар уағыздайтын құтқарылудан шет қалды, өйткені олар Мәсіхті айқышқа керіп өлтіруге қатынасты;
- ә) Құдайдың таңдаулы халқы болғандықтан, олар Құдайдың құтқаруына мұқтаж болмады;
- б) Ізгі хабар «алғашқы яһудилерге» арналған еді, Пауыл яһудилерге өзінің хатында ерекше бөлім арнап, олардың ұяттық мақтаныш сезімдерін тыныштандырғысы келді;
- в) Ізгі хабар Құдайдың яһудилерге берген айрықша уәделерін жойғандай болып көрінуі мүмкін еді. _____

2. Пауыл жасаған яһудилердің мұраларының тізіміне төменде келтірілгендердің қайсысы кірмейді? Яһудилер:

- а) Құдай өз халқым деп мойындаған халық;
- ә) Құдаймен Келісім жасады;
- б) араларында Құдайдың бар екендігінің белгісі Құдайдың салтанатты ұлылығының бұлтын көрді;
- в) көптеген уәделер берілген және киелі шатырда қызмет етудің тәртібі көрсетілген Мұсаның заңын қабылдады;
- г) жауларын жеңіп Қанахан жеріне қоныстанды;

- ғ) түп аталар деп аталған бір топ адамның жарылқауын қабылдады;
 - д) өз халқының арасында Құдайдың рухани Ұлы, Иеміз Исаның туу артықшылығына ие болды.
-

3. Көне Келісімдегі Құдайдың уәдесі:

- а) Исраил халқының Мәсіхті қабылдауына толықтай тәуелді болды;
 - ә) Құдайға адалдығын сақтаған немесе сақтамаған исраилдіктердің белгілі бөлігіне емес, бүкіл халыққа берілді;
 - б) іс-жүзінде исраилдіктердің тек таңдаулы тобына ғана берілді;
 - в) уақытша берілген еді, Мәсіхтің жер бетіне келуімен және Оның өлімімен өз мағынасын жойды.
-

4. Құдай Ысмағұлға қарағанда Ысқақты, Есауға қарағанда Жақыпты таңдады. Бұл Құдайдың жарылқауының мынаған байланысты екенін растайды:

- а) адам өзіне лайықты отбасында дүниеге келген бе;
 - ә) адам Құдайдың рақымына лайықты бола алатын оның істеген игі істеріне;
 - б) жоғарыда айтылған екі пунктке байланысты емес;
 - в) адамның белгілі бір діни рәсімдерді орындағанына негізделген.
-

5. Рим хаттың 9-тарауында Пауыл Құдайдың тәуелсіздігінің екі мысалын келтірген. Олар Құдай Өзінің еркіне сай әрекет істей алады және Ол ешқашан қателеспейді дегенді растайды. Мұса мен Исраилдің, сондай-ақ перғауын мен Исраилдің мысалдары Құдайдың

тәуелсіздігін мынау арқылы көрсетеді.

- а) Оның Жеке Тұлғасы мен Үшбірлік;
 - ә) Оның шапағаты мен соты;
 - б) Құдайдың жаратқандары және өлгендердің құндарының төленіп азат етілуі;
 - в) дарындар, Өзінің сөзін қорғап, жүзеге асыруы.
-

6. Құдайдың таңдап алғанынын ең жақсы тұрғыдан көрсететін пікірді таңдаңыз:

- а) Құдай бірқатар адамдарды құтқару үшін, ал басқаларын қарғыс үшін таңдайды;
 - ә) Құдай күллі адамзатты қарғысқа белгілеп қойды, бірақ Өзінің рақымымен кейбіреулерін құтқарады;
 - б) Құдайдың тәуелсіздігі құтқарылуға белгіленіп қойылған адамдардың қарғысқа ұшырауынан емес, өлуге тиісті болғандардың құтқарылғандығынан көрінеді;
 - в) Құдай бүкіл адамзат атаулыны құтқаруды таңдады, алайда Өзінің даналығымен Ол олардың арасынан айрықша артықшылықтарға ие бірқатар адамдарды белгіледі.
-

7. Пауыл Құдайдың Исраилді тастап кетуін былай деп түсіндіреді:

- а) Құдай әуел бастан-ақ осы мақсатты қойған және ол Исраил халқына берілген уәделерден анық байқалады;
- ә) халықтың сенбей, Мәсіхке деген сенімге негізделген құтқарылу жолын

- қабылдаудан бас тартқандығынан;
- б) Құдайдың жарылқауына яһудилерге қарағанда, басқа ұлттық адамдардың әлдеқайда лайықты болғандығынан;
 - в) Құдай Өзінің қалауына сай, ешкімге Өзінің іс-әрекеттері жайлы түсіндіріп жатпай әрекет жасайды.
-

8. Құдайдың Исраилден бас тартып, оны тастап кетуі:

- а) біржолата;
 - ә) уақытша;
 - б) уақытша да, тұрақты да бола алады. Бұл яһудилердің халық ретінде құтқарылуды Мәсіх Иса арқылы қабылдап-қабылдамауына байланысты;
 - в) уақытша да, тұрақты да бола алады. Бұл басқа ұлттық адамдардың жалпы алғанда өздеріне бағышталған Ізгі хабарға қатысты артықшылықтарға қалай қарайтындарына байланысты.
-

9. Төмендегілердің қайсысы зәйтүн ағашының бейнесін ең жақсы түсіндіретін суреттеме? Зәйтүн ағашы мынаны білдіреді:

- а) әлем тарихының барысындағы артықшылықтар тізбегін;
- ә) Көне Келісім заманында Құдай айрықша артықшылықтар берген яһуди халқын;
- б) Құдай бір кезде Исраил халқына берген барлық рухани жарылқауларды мұралаған сенушілер қауымдарын;
- в) бұрынырақ яһудилерде болған

артықшылықтарды мұралаған
басқа ұлттық адамдарды.

10. Киелі кітапты алып, Көне Келісімнен келтірілген аяттардың арасынан Пауыл Рим. арн. хаттың 9-11 тарауларында өзінің дәлелдемесін растау үшін қолданғандарын таңдап алыңыз.

Рим. арн. хатқа сілтеме

а) Жар 25:23

ә) Мыс 9:16

б) Ош 1:9,10

в) Иш 65:1,2

г) Заб 68:22,23

БҰЛ ТУРАЛЫ СІЗ НЕ ОЙЛАЙСЫЗ?

Өз өміріңізден Құдайдың тәуелсіздігіне көзіңізді жеткізген мысал келтіріңіз. (Өткен кезеңдердегі қандай да болмасын болған жайттар, артықшылықтар мен мүмкіндіктер жайлы айтуға болады.)

№10 Тексеру жұмысы

Беттің оң жағындағы сызықтың үстіне дұрыс жауапқа сай келетін әріпті жазып қойыңыз.

1. Рим 12:1 аятта Пауыл сенушілерді өздерін Құдай жолына арнауға шақырғанда, оның негізіне мынау жатады:

- а) алдыңғы тараулардың жалпы мазмұны, әсіресе Құдайдың шапағатына қатыстылары;
 - ә) Көне Келісім және Таурат заңының жиі-жиі құрбандық шалу жайлы талабы;
 - б) Исаға адал сенуші ретіндегі Пауылдың жеке басының іс-тәжірибесі;
 - в) Көне Келісімдегі Ыбырайымның Ысқақты құрбандыққа шалмақ болғаны жайлы оқиға.
-

2. Пауылдың сенушілерді өз денелерін Құдайдың еркіне тапсыруға шақыруын:

- а) тек рухани мағынада ғана түсінген жөн;
 - ә) денеге деген басқа да талаптарды ескергенде қисынсыз;
 - б) ол саналы қызмет болу үшін жарияланды;
 - в) адамның өзін Құдайға бағыштау жайлы идеяны төменгі деңгейге түсіреді.
-

3. Сенушілердің осы дүниеге деген қатынасы мынадай болуы тиіс:

- а) мүмкіндігінше осы дүниелік қатынасқа ұқсас болуға және айқышқа байланысты жазғыруды мейлінше азайтуға;

- ә) ол соның бір бөлігіне айналмауға тиіс;
- б) өткен кезеңдердегі монахтар мен тақуаларға ұқсап, өзін толықтай бөлектеп ажырату;
- в) онымен табанды да жүйелі түрде күресуге. Өйткені осы дүние Иеміз Исаны айқышқа шегелеп өлтірді. _____

4. Киелі кітаптың негізіне, басқа да жағдайларға сай және Киелі Рухтың оятуымен бір жас сенуші Құдай өзін Ізгі хабарды уағыздаушы ретінде көргісі келеді деп ой түйеді, алайда ол бірқатар қиындықтарға тап болады. Ал қалыңдығы дәл мұндай шақыруды сезінбейді, ол болашақ күйеуінің мұның әкесінің фирмасында жұмыс істегенін қалайды, өйткені онда болашақ жұбайының мансабының өсіп, табысты болуына барлық мүмкіншілік бар. Ата-анасы да оның уағыздаушы болсам деген шешіміне қарсы, өйткені ол жалғыз ұлдары, ал оның қызмет етсем деген жұмысы қауіп-қатерге толы. Достары оны ақымақ деп ойлайды, өйткені ол алған білімінен, қабілеттерінен бас тартып, Құдайдың сөзін уағыздаумен айналыспақшы. Тіпті бірқатар сенушілер оған Құдайға Ізгі хабарды уағыздаушыларды материалдық тұрғыдан қолдау үшін табысты кәсіпкер қажет дейді. Құдайдың шақыруына еру қымбатқа түсетін болады. Осы сенуші мынаны істеуге тиіс:

- а) айналасындағылардың барлығы да қарсылық білдіргендіктен, Құдай оның уағыздау қызметін атқаруына есікті жауып қойғанын ұғынуға;
- ә) барлық шығындарды есептеп, ештеңеге қарамастан өз жолымен жүру.
Айналадағылардың көзқарастарына қарамастан Құдайдың еркінің игі,

- ұнамды және мүлтіксіз екенін ұғынуға тиіс;
- б) өзінің отбасы, қалыңдығы,
достары және басқа да сенушілер
мұның шешімімен келіскенге
дейін уағыздаушылық қызметті қоя тұру;
- в) өзінің орнына басқа біреуді жіберіп,
ал өзі фирмасының кірісінің есебінен
сол адамның барлық мұқтаждықтарын
қамтамасыз етуі тиіс . _____

5. Айрықша қабілеттер мен зор дарынға ие болған сенушілер мынаны істеуге тиіс:

- а) соларын өз мақсатына қолдануға;
ә) маңайындағы адамдарға қызмет
етуде соларын мойынсұна қолдануға;
- б) мойынсұнудың шынайы рухын
көрсету үшін өзінің қызмет көрсетуіне
қажеттілік туындаған кез келген
жағдайда кешірім сұрауға;
- в) өзін жоғары бағалауға. _____

6. Төмендегі дарындардың қайсысы туралы Пауыл Рим 12 тарауда еш айтпаған?

- а) алдын ала болжау дарыны;
ә) Үйрету дарыны;
б) Басқалармен бөлісу дарыны;
в) Басқару дарыны;
г) Қайырымдылық дарыны;
ғ) Ізгі хабарды тарату дарыны;
д) Басқа адамдарға қызмет ету дарыны. _____

7. Өздерін өсектеп, ғайбаттаған және қуғындағандарға деген сенушінің қатынасы мынадай болуға тиіс:

- а) осындай адамдарды елемей;
ә) оларды қорғау;

- б) олармен ізгі қарым-қатынас жасау;
 - в) өздері қандай болса, оларға да солай жауап қайыру;
 - г) Иеміздің атымен оларды жуасытып басу.
-

8. Сенуші студент өзі оқитын колледждегі «мемлекеттік аппаратқа» қарсы ұйымдастырылған жаппай демонстрацияға тап болады. Студенттік қалашық азан-қазан болып жатыр. Батыл іс-әрекет жасауды көздеген жетекшілер жастарды полицияға қарсы тас лақтыруға, кітапхананы өртеуге, ректордың қабылдау бөлмесіне шабуыл жасауға шақыруда. Сенуші студентке мынаны істеген дұрыс:

- а) осы шараға қатысқаны жөн, өйткені Жаңа Келісімде қоғамдағы жауыздықты дәл осылай жою жөнінде айтылған;
 - ә) студенттер арасында абырой жинап, Мәсіхтің бұрынғыдан да жақсы куәгері болу үшін шеруге қатысуға тиіс;
 - б) шеруге қатысудан бас тартқаны жөн, өйткені сол өкіметті Құдай тағайындады, оған қарсы соғысу Құдайға қарсы соғысуды білдіреді;
 - в) жарақат алып қалмау үшін оған қатысудан бас тартқаны жөн;
 - г) шеруге қатысуға тиіс, өйткені Құдай жауыздыққа қарсы болғандықтан, Ол нақты өкімет бейнесіндегі жауыздыққа қарсы.
-

9. Сенуші кәсіпкер салықтардың бір түрі тым ауыр және әділетсіз деп есептейді. Сондықтан оған былай істеген

жөн:

- а) үкіметке сол салықты төлеуден бас тарту, өйткені ол сенуші және оның патшалығы осы дүниелік емес;
- ә) басқа себептер болмағандықтан, Мәсіхтің игілігі үшін сол салықты төлегені жөн;
- б) салықты төлеуден бас тартып, әділетсіз салық салу жөнінде сотқа шағымдану;
- в) көпшілік кәсіпкерлердің сол салыққа қарсы наразылық шеруін ұйымдастыру, өйткені бірлесіп істеген шаралар бір адамның қарсылығына қарағанда зор күшке ие. _____

10. Өз көзқарас тұрғыңыздан ең маңыздысы деп есептейтін Құдайдың өсиетін таңдаңыз:

- а) неке адалдығын бұзба;
- ә) кісі өлтірме;
- б) жалған куәлік берме;
- в) басқаның иелігіне сұқтанба;
- г) өзіңді қалай сүйсең, маңайыңдағы адамды да солай сүй. _____

БҰЛ ТУРАЛЫ СІЗ НЕ ОЙЛАЙСЫЗ?

Соңғы сұраққа жауап бергенде сіз неліктен дәл осы бұрықты белгілегеніңізді түсіндіріңізі.

№11 Тексеру жұмысы

Беттің оң жағындағы сызықтың үстіне дұрыс жауапқа сай келетін әріпті жазып қойыңыз..

1. Төмендегілердің қайсысы Пауылдың заманындағы «сенімі әлсіз» бауырласты сипаттайды?

- а) ол сенуші болғандықтан белгілі бір тамақты жемеуге тиіспін деп есептеді;
 - ә) ол ораза күндері мен діни мейрамдарды айрықша атап өтуге тиістімін деп есептеді;
 - б) яһудилік шығу тегі оны барлық діни рәсімдерді мұқият орындауға мәжбүрледі;
 - в) жоғарыда көрсетілгендердің барлығы «сенімі әлсіз» бауырласты сипаттайды.
-

2. «Сенімі күшті» бауырлас – мынадай сенуші:

- а) тамақ пен сусынның кейбір түрлерін қабылдаудан онша күш жұмсамай-ақтартына алады және тәбетін шектей алады;
- ә) сенушілер қауымының барлық іс-шараларына қатысады және ешқашан олардан қалмайды;
- б) өзінің құмарлықтарына ерік беріп, сенушілер қауымындағы іс-шараларға қатыспайды. Өйткені өзіне зиян келтірмей, тәннің құмарлықтарын орындайды. Сенушілер қауымынсыз-ақ жүре алады;
- в) «диеталар» мен айрықша

«күндердің» тірі сенімге ешқандай қатысы жоқ екенін түсінеді.

3. Хаттың осы бөлігіндегі берілген ережелер мынаған қатысты:

- а) маңызсыз мәселелерге;
 - ә) болар-болмас мәселелерге ғана емес, Исаға деген сенімнің тәлімі мәселесіне де бірдей дәрежеде қатысты;
 - б) Исаға сенетіндердің міндеттері мен тәлім беру мәселелеріне де қатысты;
 - в) жергілікті сенушілер қауымында туындауы мүмкін ауызбірліктің жойылуы немесе жікке бөліну сияқты жайттарға да қатысты.
-

4. Исаға сенуші жергілікті қауымның мүшесі болғысы келеді. Ол Иса құрбан болған жұма, Иса қайта тірілген жексенбі, Исаның туған күні сияқты діни мейрамдардың қатаң сақталу қажеттігіне сенімді. Алайда сол қауымда сондай дәстүр жоқ. Ендеше:

- а) сол сенушіні қауымға қабылдамаған жөн, өйткені бұл бауырластар арасында мәселелер туындатуы мүмкін;
 - ә) оны қауымға қабылдау қажет, ал қауымның басқа мүшелері қауымдағы тәртіп жайлы оның түсініктеріне бағынуға тиіс болады;
 - б) оның көзқарасын өзгертуді мақсат етпей-ақ, оны қауымға қабылдаған жөн;
 - в) оны қауымға қабылдаған жөн, ал жергілікті қауым жетекшілері оның көзқарасындағы қателіктерді анықтау үшін бірқатар пікірталас өткізуге тиіс.
-

5. Ол мейлі «сенімі әлсіз» не «сенімі күшті» бауырлас болсын, оның іс-әрекеттері оның мынаған деген қарым-қатынасымен анықталуға тиіс:

- а) жағдайларға;
 - ә) Иемізге;
 - б) Таурат заңына;
 - в) сенімге.
-

6. А деген сенуші анда-санда демалыс күндері кешкісін спортпен айналысқанда тұрған еш нәрсе жоқ деп ойлайды. Бұл оның қауымдағы жұмысына кеселін тигізбейді және Иеміз жайлы куәлік беруіне кедергі келтірмейді. Б деген сенуші оның бұл әрекеті Құдайға бағышталған қасиетті күнді арамдау деп есептейді. Ол сондай-ақ А бауырласты күнәлі болып қалуы мүмкін немесе күнәға батқан да шығар деп ойлайды. Б бауырласымыз өзінің осы ойлары жайлы сізбен бөлісті дейік. Сізге мынаны істеген дұрыс:

- а) онымен келісу;
- ә) Құдайға бағышталған діни демалыс күні спортпен айналысу оның өзіне де пайдалы екенін Б бауырласқа айту, қауымның «сенімі әлсіз» мүшелерінің тілектерін басшылыққа алып, анда-санда солай істеп тұрған дұрыс;
- б) Б бауырласқа Құдай А бауырласымызды күнәға құлдыраудан сақтайтынын, өйткені оның Киелі кітаптағы қандай да болмасын Құдайдың бұйрығын бұзбағанын айту қажет;
- в) қауым мүшелерін жинап А бауырласты солай істегені үшін қауымнан шығару;
- г) Б бауырластың пікірімен келісу, содан кейін А бауырласқа Б бауырластың ол туралы

сыртынан не айтып жүргенінің
бәрін айтып беру.

7. Мәсіхтің сотының тұрғысынан бізге мынаны істеу қажет:

- а) өзімізге белгілі барлық «сенімі әлсіз» бауырластарды рухани өсіп-жетілуге және өздерінің шектелгендіктерімен қауымға жүк болмауға шақыру;
 - ә) барлық «сенімі күшті» бауырластарды қауымның «сенімі әлсіз» мүшелерінің тілектерін басшылыққа алып, өз құқықтары мен еркіндіктерінен бас тартуға шақыру;
 - б) «Сенімі әлсіз» бауырластардың бәрін бір қауымға, ал «сенімі күштілерді» басқасына жинау қажет, сонда тыныштық пен үйлесімділікке қол жеткізуге болады;
 - в) басқа біреудің өміріне араласпау қажет, өйткені әркім Құдайдың алдында бауыры үшін емес, өзі үшін жауап береді.
-

8. Рим. арн. хаттың 14-тарауында төмендегілердің қайсысы айтылмаған:

- а) әркім өз сеніміне сай әрекеттенсін;
 - ә) бір-бірімізді бұдан былай айыптамайық;
 - б) ешқайсымыз да бауырласымызды аяғынан шалып, азғырмаймыз;
 - в) игі істер жасауға әлсіремейік;
 - г) қастерлейтін нәрселеріңнің жамандалуына жол бермеу.
-

9. Төменде келтірілген пайымдаулардың қайсысы сенуші үшін ережеге айналуға тиіс?

- а) айналадағылардың пікірлерін ескермей-ақ, әрдайым өзіңіз дұрыс деп есептейтінді істеміз;
 - ә) жетекшіңіз ар-ұжданыңыз болсын;
 - б) іс-әрекеттеріңіздің бейбітшілік пен ғибрат беруге қызмет еткенін қадағалаңыз;
 - в) егер ол солай істесе, онда маған да болады.
- _____

10. Осы үзіндіден Пауылдың соңғы дәйегі – Иеміз Мәсіх Исаның үлгісі. Пауыл Мәсіх мынаған ұнауға тырысты деп жазады:

- а) Өзіне;
 - ә) Құдайға;
 - б) барлығына;
 - в) ешкімге ұнамауға .
- _____

БҰЛ ТУРАЛЫ СІЗ НЕ ОЙЛАЙСЫЗ?

Өзінің жеке сенімдері мен сенушілер қауымындағы қызмет жайлы мәселелерге басқаша қарайтындарға сіз қалай қарайсыз?

№12 Тексеру жұмысы

Беттің оң жағындағы сызықтың үстіне дұрыс жауапқа сай келетін әріпті жазып қойыңыз.

1. Пауылда Римге барудың айрықша жоспары болды. Картаға қараңыз. Ондағы жебелер:

- а) Пауылдың ойындағыларын дәл көрсетпейді, өйткені ол Римге Қорынттан келмекші болды, ал содан кейін ғана Иерусалимге баруды жоспарлады;
 - ә) Пауылдың ойындағыларын дәл көрсетпейді, өйткені ол Римге Ахая мен Македония арқылы келіп, сол жерден Испания мен Иерусалимге бармақшы болды;
 - б) Пауылдың ойындағы жоспарын дәл көрсетпейді, өйткені ол алдымен Испанияға барып, содан Иерусалимге қайтып келе жатып, Римге соқпақ болды;
 - в) Пауыл ойындағы жоспарларын дәл бейнелейді.
-

2. Римдік өлкедегі Ізгі хабарды тарату қызметі жайлы айтқанда Пауыл қай провинцияны көрсетті:

- а) Дакия;
 - ә) Иллирик;
 - б) Фракия;
 - в) Мысыр.
-

3. Пауыл Иерусалимге бармақшы болды, өйткені:

- а) өзінің уағыздау қызметінің жоспарын елшілермен талқылау қажеттігін сезінді;
- ә) Еуропадағы жас қауымдарды

қаржылай қолдау жайлы өтініш
жасамақшы болды;

- б) Өзге ұлттық адамдар жинаған
материалдық құрбандықтарды апарып
беруге тиіс болды;
 - в) тәлімге қатысты алауыздық
туындады және соларды шешу үшін
қауым жиналысы қажет болды.
-

4. Пауыл хаттың соңғы тарауында адамдар жайлы былай дейді:

- а) осы хатта уағыздалған
шындықтарды өз өмірлерінен
көрсете алмады;
 - ә) хатта айтылған шындықтардың
тірі үлгілері болды;
 - б) Пауыл Римге алғашқы сапары
кезіндегі Ізгі хабарды тарату қызметінің
арқасында Иемізге келді;
 - в) Пауылдың сапарын аяқтауына
көмектесу үшін құрбандықтар берді.
-

5. Төмендегі бауырластардың қайсысына Пауыл кепіл хат жазып берді:

- а) Амплияға;
 - ә) Епенетке;
 - б) Персидаға;
 - в) Фөбеге.
-

6. Хатын аяқтай келе Пауыл римдік сенушілер жайлы төмендегілерді атап өтеді:

- а) олардың өздерін кеңінен танымал
еткен ұлы істерін;
- ә) олардың азын-аулақ істерін;
- б) Иеміздің бүкіл жер бетіндегі

- қызметін материалдық қолдаудағы
ерен жомарттығын;
- в) Римдік патшаның билік жүргізу
үлгісіне сай қауымның тиімді
ұйымдастырылу жүйесі екенін.
-

7. Пауылдың хатынан сол замандағы Римдегі көптеген сенушілердің қалай бас қосқандары жайлы былай деп қорытындылауға болады:

- а) өте қарапайым, үйлерде;
ә) керемет шіркеулерде және қауымның
сән-салтанатпен әшекейленген
ғимараттарында;
б) Нерон әміршісінің қуғындауынан
үңгірлерде;
в) жалға алынған қоғамдық
ғимараттарда.
-

8. Ирадион, Андроник және Юни, осы үшеуіне ортақ не бар?

- а) ақсүйектік шығу тектері;
ә) олардың бәрі де Римдік өкіметтің
қызметкерлері;
б) үшеуі де Пауылдың айрықша
тапсырмасын орындады;
в) үшеуі де Пауылдың туысқандары;
г) үшеуі де Римдік епископтар.
-

9. Жалған дін мұғалімдері жайлы Пауылдың кеңесі:

- а) шыдамдылық танытып, олардың
сенушілер қауымында болуларына
рұқсат беру;
ә) олардың ілімін талқылау үшін оларды
өз үйлеріне шақыру;
б) еретиктер, яғни жалған ілім

таратушылар іспетті оларды отқа өртеу;
в) олардың кім екендерін әсте естен
шығармай, олармен бірге
болудан қашқақтау. _____

10. Пауылдың соңғы сөздері мынаны қайталайды:

- а) *оның* хатының ұлы шындықтарының
біреуін - Иеміз Мәсіх Исаның
рақымы жайлы;
- ә) Құдайдың еркіне сай жуық арада
Римге баруға берген уәдесін;
- б) Иеміздің жер бетіне екінші рет
қайтып келетіні жайлы шындықты;
- в) яһудилер мен басқа ұлттық адамдардың
сенушілер қауымында біріккендері
жайлы шындықты. _____

БҰЛ ТУРАЛЫ СІЗ НЕ ОЙЛАЙСЫЗ?

Римдіктерге арналған хатты оқып-үйрену сізге не берді?

МЕНІҢ ЖЕКЕ ЖАУАБЫМ

Қағаз бетінің төменгі жағына әрбір оқырман құтқарылуы жайлы өзінің пікірін жазуына болады. Осы сұраққа жауап беріп соңғы жұмысыңызбен бірге салып жіберіңіз. Бұл сұрақтарға жауап бермес бұрын сізге мынаны жауапкершілікпен ұғыну қажет: егер сіз Құдайдың рухани Ұлын қабылдасаныз, онда Құдайдан мәңгілік ажырауды таңдағаныңыз.

Тек біреуін ғана таңдаңыз:

1. Иса Мәсіхті өзімнің жеке Құтқарушым ретінде қабылдап, осы сабақтарды бізге бастамастан бұрын-ақ мен қайта туылдым.
2. Осы сабақтарды оқу барысында мен Иеміз Иса Мәсіхті сеніммен қабылдадым.
3. Дәл қазір мен Иса Мәсіхті Құтқарушым деп қабылдаймын.
4. Исаға сенуші болуға қызығушылық танытамын, алайда төмендегі сұрақтар бойынша қосымша мәліметтер алғым келеді.

Менде Иса Мәсіх арқылы құтқарылуға деген жеке басымның сенімі әлі де жоқ.

Сіздің аты-жөніңіз _____

Егер сұрақтар туындайтын болса мына мекенжаймен хабарласыңыз: _____

Барлық сұрақтарға жауап беріп болғаннан кейін дәптерді оның келесі жағында жазылған мекенжайға салып жіберіңіз.

Жауаптарыңыз жазылған дәптердің ең басына өзіңіздің толық мекенжайыңызды мұқият және айқын жазумен жазып қойыңыз. Төменде Еммаус кітаптарын оқығысы келетін жақын туыстарыңыз бен достарыңыздың немесе таныстарыңыздың мекенжайларын жазып жіберуіңізге болады.

Толық аты- жөні

Индексі Мемлекет

Облыс Аудан

Қала\Ауыл

Көше Үй

Пәтер

Толық аты- жөні

Индексі Мемлекет

Облыс Аудан

Қала\Ауыл

Көше Үй

Пәтер

Толық аты- жөні

Индексі Мемлекет

Облыс Аудан

Қала\Ауыл

Көше Үй

Пәтер

Шығыс сәулесі

«Еммаус»

Қазақстан Республикасы

Алматы қаласы 050031, а/ж 68

www.emmaus-ca.net

e-mail: emmaus.ca@easmail.org

